Архивтік құжаттағы назар аударарлық сөз 他府県へ送籍者 «басқа префектураларға жіберілгендер» және 他府県へ出寄留者 «басқа префектуралардағы уақытша тұрушылар» сөзі XIX ғ. соңындағы халықты есепке алу мен көші-қон және әкімшілік бақылау жүйесінің заңнамалық және әлеуметтік ерекшеліктерін айқын көрсететінін аңғарамыз. Басқа префектураларға жіберілгендер ресми тіркеудің «коусэки» 戸籍 басқа префектураға толығымен және түбегейлі ауыстырылуын көрсетеді. Бұл үрдіс кезінде азамат бұрынғы префектура тізімінен толық шығарылып «джоусэки» 除籍 жаңа префектураның жұмыс істеуші негізгі халық тізіміне «щюусэки» 就籍 тіркеледі. Яғни, заң жүзіндегі азаматтық-құқықтық мәртебенің (некеге тұру, асырап алу немесе отбасылық негізгі мекенжайды ауыстыру) тұрақты өзгерісін білдеретінін көреміз. Сонымен қатар, «басқа префектуралардағы уақытша тұрушылар» бойынша талдау жасайтын болсақ, азаматтың негізгі тіркеуі «коусэки» өз префектурасында сақталғанымен, белгілі бір уақытқа басқа префектураға уақытша қоныс аударуы «кирю» 寄留 жүзеге асады. Яғни, XIX ғ. жапонының нақты тұратын орны «генджю» 現住 мен заңды тіркелген орнының «хонсэкидің» 本籍 екіге бөлінуін көрсетеді. Демек, жұмыс істеуге, оқуға немесе мерзімді әскери қызметке жіберілгендер осы санатқа жатқызылды. XIX ғ. жапон халқының халық санатының «генджю» және «хонсэки» ретінде екі түрлі көрсеткіші арқылы демографиялық хәл-ахуалды есептегенде екі түрлі жүйені, яғни тіркеудегі халық 本籍 人口 және Империяда нақты тұратын халық 現住人口 есебін қатар жүргізгендігін білуге болады. Мейджи дәуірінде «уақытша тұрушылар» 出寄留者 көрсеткіші нақты тұратын халық пен ресми тіркелген халықтың айырмашылығын реттеп, есептеуде қайталанулардың немесе қателіктердің алдын алу үшін өте маңызды болғанын аңғарамыз. Мейджи дәуірінде ауыл шаруашылығынан өндіріске өту салдарынан ауылдық жерлерден қалаларға туған өңіріндегі (коусэки) тіркеуін жоймай, қалаларда «Щютцу кируюся» 出寄留 санатымен уақытша тұрды. Мейджи дәуірі ПМ-нің «Тіркеу заңы» 戸籍法 (1871) мен кейінгі «Уақытша тұру ережелері» 寄留例式 азаматтардың мемлекеттегі ішкі қозғалысын, салық төлеуін және әскери міндеттілігін 徴兵 қатаң бақылауда ұстау үшін осылай жіктеп отырды. Жапонияның XIX ғасырдағы тарихи құжаттарын демографиялық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан талдауда бұл екі көрсеткіш тұрақты миграция мен уақытша/мобильді миграцияны ажыратуға мүмкіндік беретін басты статистикалық дереккөз болып табылады.

Мейджи дәуірінде «нақты тұратын халық» 現住人口 ұғымына қатысты Жапонияның Әділет министрлігі тапсырмасымен төраға Кубота, комитет мүшелері Абе, Ишии, Исоа, Охаши, Канбе, Кимура Ацуши, Кимура Мицуру, Азаматтық істер І-бөлімінің бастығы Шинохара, Ямазаки, Отбасылық тізілімді жоспарлау жөніндегі қызметкері Китамура,

Ватанабе Сатоши, Заң мәселелері жөніндегі маман Сугитани дайындаған «Отбасылық тіркеу жүйесі бойынша зерттеу тобының материалдарында» 戸籍制度に関する研究会資料 Азаматтық және қылмыстық істер бюросы директорының 1899 жыл 15 қарашадағы №1986 жауабына сүйене отырып, «Орналасқан жер тек тұрғылықты жерді ғана емес, сонымен қатар тұратын жерін және уақытша тұратын жерін де қамтиды», - деген тұжырымға келеді (Hōmushō, 2015: 2).

Ішкі істер министрлігінің 1889 жылдың 31 желтоқсанындағы (Мэйджи XXII ж.) халық санағы мәліметтеріне сүйенсек, империядағы ресми тіркелген үй шаруашылықтарының саны 7, 840872 деп көрсетеді, ал халық саны 4, 072020 адамды құрайды, оның ішінде 20, 246336 ер адам болса, 19, 825684 әйел адам тіркелген. Алдыңғы жылғы (1888 ж.) зерттеумен салыстырғанда бұл 38, 046 үй шаруашылығына және халқы 464 786 адамға, оның ішінде 237, 891 ер адам және 19, 825684 әйел адамға өскенін көрсетеді. Сан 226 895-ке өсті. Сол жылы өсім 1, 299 960 туған нәресте және 38 353 тіркелген адам болды, барлығы 1, 248 263 адам. Азайған 808 680 өлім және 6 050 тіркеуден алып тастау, барлығы 814 730 болды. Туғандар мен тіркелген адамдар санынан қайтыс болғандар мен көшірулер санын алып тастағанда 433 000 шығады (Ajia Rekishi Shiryō Sentā, Архив шифры A07061731800, Архив нөмірі Ki00978100, Жапония Ұлттық Архиві, 1889 ж. П.81).

Жапонияның 1888 -1889 жылдары аралығындағы архивтік құжаттарды сараптама жасайтын болсақ, отбасы саны 戸数 шамамен 0,49%-ға, ал халық саны 1,17%-ға өскені байқалады. 1889 жылғы архив бойынша туу деңгейі өлім деңгейінен шамамен 50%-ға жоғары сақталғанымен, халықтың нақты өсімі табиғи өсімнен жоғары емес, керісінше оған өте жақын болғаны білінеді. Бұл алдыңғы жылдардағыдай 戸籍 жүйесіне жаппай жаңа тұрғындарды енгізу кезеңінің аяқталып, халық есебінің тұрақтанғанын көрсетеді. Халық санының өсу қарқыны үй шаруашылықтарының өсуінен шамамен 2,4 есе жоғары болған, бұл бір үй шаруашылығына шаққандағы тұрғындар санының артқанын көрсетеді. Сонымен қатар ерлер санының өсімі әйелдермен салыстырғанда біршама жоғары болғанымен, жыныстық құрылымда айтарлықтай теңгерімсіздік байқалмайды. 1889 жылғы архивте табиғи өсім оң деңгейде сақталып, нақты халық өсімі табиғи өсім көрсеткішіне жақындай түскен. Бұдан түсінетініміз «отбасы тіркеу» 戸籍 жүйесінің тұрақтанып, халық есебінің артқанын аңғартады. Архивтік құжаттың тың деректік жаңалығы «басқа префектураға тіркелу, басқа префектураға жіберу, уақытша тұрғылыққа тіркелу» 他府県ヨリ入籍, 送籍, 入寄留 және «Уақытша тіркелген жерден кету» 出寄留 көрсеткіштерінің енгізілуі префектурааралық халық қозғалысының мемлекеттік статистикада дербес есепке алына бастағанын дәлелдейді. Байқағанымыздай бір жыл ішінде уақытша келгендердің саны уақытша кеткендерден 2,5 есеге жуық көп болған. Демек, бұл үрдіс XIX ғ. соңында қалаларға және экономикалық белсенді өңірлерге халықтың шоғырлану үдерісінің күшейгенін аңғартады. Ал жұмысқа тіркелу «щюусэки» 就籍 көрсеткішінің төмендеуі «отбасы тіркеу» жүйесінің қалыптасу кезеңінен тұрақты әкімшілік бақылау кезеңіне өткенін көрсетеді.


XIX ғ. 1890 ж. 30 сәуірде (Мэйджи XXIII-ші жыл) жарияланған №71-ші Императорлық жарлығы «Әкімшілік немесе сот аудандарына қатысты ережеде» 行政又ハ司法区域ニ関スル市ノ所属ノ件 былай делінеді: «Мен [Император] әкімшілік және сот аудандарына қатысты қалалардың тиесілілігі туралы мәселені мақұлдап, бекітемін. Округ негізінде қала мәртебесін алған аумақтар тиісті қаланың шекарасына бағынады. Дегенмен, Токио, Киото және Осака қалаларында әкімшілік-соттық мәртебе бұрынғыша ішкі округтердің «Ку» 区 шекаралары бойынша сақталады. Уезд құрамындағы шағын қалашықтар мен ауылдарды біріктіру арқылы қала мәртебесін алған аумақтар бұрын өзі бағынышты болған уездің «Гун» 郡 аумақтық шекарасына енгізіледі. Екі немесе одан да көп уезді қамтитын кенттер мен ауылдарды

біріктіру арқылы құрылған қалалар халық саны ең көп шоғырланған 人口ノ最モ大ナル部分 бөлігі бұрын қай уезге тиесілі болса, соның аумақтық шекарасының құрамына енеді» (Aja Rekishi Shiryō Sentā, Архив шифры A03020067200, Архив нөмірі O.00653100, Жапония Ұлттық Архиві, 1890ж. П.3). Аталмыш «Қалалық және ауылдық жүйе» 市制・町村制 жарлығының қабылдануындағы мақсаты жаңадан құрылған қалалардың әкімшілік және соттық юрисдикциясын анықтауда ауытқулар орын алмас үшін шығарылған. Екі немесе одан да көп уезд шекарасы түйіскен жерде жаңа қала құрылғанда, оның қай сотқа/әкімшілікке бағынатынын анықтауда халық саны ең көп бөлігі 人口ノ最モ大ナル部分 басты фактор ретінде алынған. Бұл архив Мэйджи үкіметінің халық статистикасын әкімшілік-құқықтық шекараларды айқындауда тікелей қолданғанының айқын дәлелі. Токио, Киото және Осака қалаларында «арнайы қалалық жүйе» жүргендіктен, олардың ішкі округтік шекаралары бұзылмай сақталған (Aja Rekishi Shiryō Sentā, Архив шифры A03020067200, Архив нөмірі O.00653100, Жапония Ұлттық Архиві, 1890ж. П.4).

Бір жылдан кейін 1890 ж. Ішкі істер министрлігінің 14 шілдедегі «муниципалдық халықты зерттеу әдістері туралы №3 қаулысында» Муниципалитеттердің халқы «жыл сайын желтоқсан айының соңында жүргізілген сауалнаманың ағымдағы көрсеткіштері бойынша анықталады және келесі жылы ресми газетте жарияланады», -деп жазылған (Aja Rekishi Shiryō Sentā, Архив шифры A15112194300, Архив нөмірі Rui00534100, Жапония Ұлттық Архиві, 1890ж. П.23). Архив құжатының жалғасында 1890 жыл 14 шілдедегі ақпаратқа сәйкес муниципалдық және қалалық жүйеде тіркелген соңғы сауалнама бойынша халық саны анықталады. Дегенмен, егер муниципалитет жарияланғаннан кейін таратылса, бөлінсе, шекаралары өзгертілсе, халық келесі хабарландыру жасалғанға дейін шешім қабылданған уақытта жүргізілген сауалнама бойынша анықталадытыны айтылған (Aja Rekishi Shiryō Sentā, Архив шифры A15112194300, Архив нөмірі Rui00534100, Жапония Ұлттық Архиві, 1890 ж. П.23).

Жапон архив деректерінде 1891 жылғы (Мэйджи XXIV ж.) «Префектуралық және округтік жүйелерді енгізу» жүйесінің II-бабында көрсетілгендей «префектуралық жиналыс мүшелерінің санын белгілеген №59 Императорлық жарлыққа сәйкес, сол жылдың маусым айындағы №10 нұсқаулық префектураларға халықты сауалнамалау әдістері және т.б. бойынша нұсқаулық берді. Сонымен қатар, округтік жүйенің 65-бабының III-тармағына және префектуралық жүйенің 75-бабының III-тармағына сәйкес, сол жылдың сәуір айындағы №2 Министрлік жарлығы және сол жылдың тамыз айындағы №12 Министрлік жарлығы округтер мен префектуралар үшін кірістер мен шығыстар бюджетінің формулаларын белгіледі. Мэйджи дәуірінің XXIV-ші жылында барлық 11 префектура алғаш рет округтік жүйені, ал 10 префектура префектуралық жүйені енгізді. Нагано префектурасында округтік жүйе 1 сәуірден бастап, ал префектуралық жүйе 1 шілдеден бастап енгізілді. Аомори, Ямагата, Акита, Фукуи және Оита префектураларында 1 сәуірден бастап округтік жүйе, ал 1 тамыздан бастап префектуралық жүйе енгізілді. Токушима және Коучи префектураларында 1 сәуірден бастап «округтік жүйе», ал 1 қыркүйектен бастап «префектуралық жүйе» енгізілді (Aja Rekishi Shiryō Sentā, Архив шифры A07061737000, Архив нөмірі Ki00979100, Жапония Ұлттық Архиві, 1891 ж. П.21).

Архивтік құжат. №3.



№59-шы Императорлық жарлық: «Префектуралық жиналыс депутаттарының саны туралы ереже» Архив шифры A03020099100, Архив нөмірі О.- 00967100, (府県会議員定数規則).

Мэйджи дәуірі XXIV ж. (1891 ж.) 9 маусым.

Imperial Ordinance No. 59, "Regulations on the Number of Members of Prefectural Assemblies" Archival Ref. A03020099100, Archive No. O.- 00967100, (府県会議員定数規則), Meiji 24 (1891), 9 June.


Архивтік құжаттар айғақ болғандай XIX ғасырдың соңында Жапонияда жергілікті өзін-өзі басқару органдарын қалыптастыру ісінде демографиялық фактор негізгі талапқа айналды. 1891 жылғы № 59-шы Императорлық жарлықпен бекітілген «Префектуралық жиналыс депутаттарының саны туралы ереже» 府県会議員定数規則 жергілікті өкілді органдардағы депутаттық мандаттарды халық санына пропорционалды түрде бөлудің қатаң шкаласын бекітті. Заңнаманың 1-бабына сәйкес, префектура халқының саны 700 мыңға дейін болса, квота 30 депутатпен шектелді 管内ノ人口七十万迄ハ議員三十人. Демографиялық өсімге байланысты мандат саны сатылай артты: 700 мыңнан 1 миллионға дейінгі аралықта әрбір қосымша 50 мың адамға 1 депутаттан 七十万以上百万迄ハ五万ヲ加フル毎ニ一人ヲ増シ, ал 1 миллионнан асқанда әрбір 70 мың 百万以上ハ七万ヲ加フル毎ニ一人ヲ増ス тұрғынға 1 депутаттан қосылып отырды (Ajia Rekishi Shiryō Sentā, Архив шифры A03020099100, Архив нөмірі О.- 00967100, Жапония Ұлттық Архиві, 1891ж. П.04).

Тарихи деректе көрсетілгендей «нормативтік актіде әкімшілік-аумақтық бірліктер «округтер мен қалалар» 郡市 бойынша сайлау округтерін халық тығыздығына қарай бөлу 人口ニ応シテ每郡市ニ割当選挙スル және демографиялық өзгерістер орын алған жағдайда квоталарды тек кезекті сайлау кезеңінде ғана қайта қарау 人口増減ノ為メ...其改選期ヲ待テ之ヲ増減ス可シ ережелері бекітілді. Бұл құжат Мэйджи үкіметінің халық статистикасын мемлекеттік-әкімшілік құрылымды реттеуде практикалық құрал ретінде тиімді пайдаланғанын дәлелдейді. Аталмыш құжат Император Муцухитоның 睦仁 жарлығымен және Ішкі Істер Министрі Щинагава Яджироудың 内務大臣品川彌二郎 бекітуімен ресми күшіне енген (Ajia Rekishi Shiryō Sentā, Архив шифры A03020099100, Архив нөмірі О.00967100, Жапония Ұлттық Архиві, 1891ж. П.05).

Мэйджи дәуірі Ішкі істер министрлігінің жоғарыда аталған архивтік деректеріне сәйкес, 1891 жылы «Префектуралық жүйе» 府県制 мен «округтік жүйе» 郡制 кезең-кезеңімен енгізіліп, алғаш рет 11 префектурада «округтік жүйе» 郡制, ал 10 префектурада «Префектуралық жүйе» 府県制 жүзеге асырылғанын көреміз. Архивтік құжаттарға сүйене отырып, тарихи реформалар жергілікті басқару құрылымын қайта ұйымдастырумен қатар, халықты есепке алу мен әкімшілік статистиканы біріздендіруге институционалдық негіз қалады деп толық айта аламыз. Мәселен, «Халықты зерттеу әдістері» 人口調査方法 тың әрі бірыңғай тәртіппен бекітілуі әр префектурада халық санағын бірдей әдістеме бойынша

жүргізуге мүмкіндік беріп, өңіраралық статистикалық деректердің салыстырмалылығын арттырды. Бұдан бөлек, «Кіріс пен шығыс бюджетінің құрылымы» 歳入出予算式 мен қаржылық реттеу нормаларының енгізілуі XIX ғасырдағы демографиялық статистиканың жергілікті әкімшілік жүйенің тұрақты қызметіне айналғанын көрсетеді. Яғни, Мэйджи мемлекеті бұл кезеңде халық санағын жекелеген есептік шарадан мемлекеттік басқарудың институционалдық тетігіне көтерді. Жапонияның демографиялық үрдістерді бақылау мен жүргізуде шетелдік тәжірибеге жүгінгендігін әрі Халықаралық статистикалық институтымен байланыс орнату және жаһандық халық санағы жоспарлары бойынша ақпарат алмасқандығын архивтік құжаттардан көруге болады. Мәселен, 1896 ж. 28 наурыз бен 1898 ж. 18 ақпан аралығындағы Сыртқы істер министрінің «Швейцариядағы Мемлекеттік министрге Халықаралық статистикалық қауымдастық жоспарлаған халық санағына қатысты мәселелер бойынша сауалнама есебін» алып қарастыруға болады.

Архивтік құжат. № 4.



Азия тарихи жазбалар орталығы, Швейцариядағы Жапония Императорлық министріне нұсқаулық», Жапония Ұлттық Архиві. Архив шифры A15113199000, Архив нөмірі Rui.-00811100,

(Мэйджи дәуірі XXXI-ші жыл) 1898 ж. П.13-13 артқы бет.

Japan Center for Asian Historical Records (JACAR), "Instructions to the Japanese Imperial Minister in Switzerland," Archival Ref. A15113199000, Archival No. Rui.-00811100,


National Archives of Japan, Meiji 31 (1898), pp. 13-13 verso.

Министрлер кабинетінің хатшысы Масахиса Мотояма мен Жапония империялық статистика бөлімінің басшысы Швейцария Конфедерациясы Статистика бюросының директоры Луи Гийомға (Dr. Louis Guillaume) Мейджи архивтік дерегі 万国統計協会ノ計画セル人口調査ニ関スル事項及該協会ニ加盟ノ手續并協会ノ性質等調査報告方外務大臣ヲシテ瑞西駐劄帝国公使ニ訓令セシム көрсеткендей 18 ақпан 1898 жылғы тарихи құжатта Халықаралық статистикалық қауымдастықтың талабы бойынша сауалнама жасалған. 1896 жылы (Мэйджи XXIX ж.) Швейцария Конфедерациясы Статистика бюросының директоры Халықаралық статистикалық қауымдастықтың №1 циркулярын Жапонияның Министрлер Кабинеті жанындағы Статистика бөліміне жолдаған. Тараптар арасындағы алғашқы хат-хабар алмасудағы техникалық-бюрократиялық кедергілерге карамастан, Токио әкімшілігі Еуропа мен Америкада кеңінен қанат жайған бұл ауқымды халық санағы жобасына жоғары қызығушылық танытты. Осыған байланысты, Жапонияның Швейцариядағы елшілігі арқылы Қауымдастықтың құрылымы мен халықты есепке алу әдіснамасын егжей-тегжейлі зерттеп, ресми есеп дайындау туралы Сыртқы істер министрлігі деңгейінде тапсырма берілген (Ajiā Rekishi Shiryo Sentā, Архив шифры A15113199000, Архив нөмірі Rui00811100, Жапония Ұлттық Архиві, 1898 ж. П.13-13 к.б.). Яғни, XIX ғасырдың соңында Жапония халықаралық демографиялық стандарттарға интеграциялануға ерекше көңіл бөлгенін тарихи құжаттар растайды.

Халық санын зерттеу әдісінің қайта қаралуы жайлы 1898 жыл 8 шілде мен 1 қараша аралығында № 38-ші бюроның 1898 жыл 20 қазандағы жарлығында «статистикалық

деректердің алғашқы зерттеуі Мэйджи дәуірі XXXI-ші жылдың 31 желтоқсанында жүргізіледі. Содан кейін, әрбір бес жыл сайын деректер бухгалтерлік кітап арқылы қадағаланады. Деректерді Министрлер Кабинетіне жергілікті әкімшілік органдардан жергілікті үкімет мекемелері тарапынан жиналатындығы» жазылған (Ajia Rekishi Shiryō Sentā, Архив шифры A15113198900, Архив нөмірі Rui00811100, Жапония Ұлттық Архиві, 1898 ж. П.14).

Архивтік құжат. № 5.



Азия тарихи жазбалар орталығы, «Халық статистикасы бойынша сауалнама әдісін қайта қарау және статистикалық кестелер мен парақтардан материалдар жинау. 1898 ж. 8 шілде – 1898 ж. 1 қараша»

Архив шифры. A15113198900, Архив нөмірі. Rui00811100, Жапония Ұлттық Архиві, (Мэйджи дәуірі XXXI-ші жыл) 1898 ж. П. 14-15.

Japan Center for Asian Historical Records (JACAR), "Revision of the Population Statistics Survey Method and Collection of Data Using Statistical Tables and Enumeration Sheets," 8 July – 1 November 1898, Archival Ref. A15113198900, Archival No. Rui.-00811100, National Archives of Japan, Meiji 31 (1898), pp. 14-15.

Архивтік құжаттың жалғасында «әскери-теңіз күштерінің, армия мен флоттың сержанттары мен қатардағы сарбаздары сондай-ақ түрмеде отырғандар жайлы статистикалық деректер Министрлер Кабинетіне тиісті бақылаушы орталық үкімет және басқа да мемлекеттік мекемелер тарапынан жиналатынын байқаймыз. Әрбір бесжылдық кезеңдегі жылдық халық саны әр бес жыл сайын зерттелген адамдар санына және олардың арасындағы әр жыл сайын жиналған деректерге негізделіп есептеледі делінген. Статистика бөлімінің басшысының шолу есебіне сүйене отырып, дәстүрлі түрде отбасын тіркеу істері Ішкі істер министрлігіне тиесілі деп есептелді. Ішкі істер министрлігі өз құзыретіндегі әкімшілік істердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жергілікті басқару органдарынан материалдар жинап, азаматтық хал актілерін тіркеу арқылы отбасы үй шаруашылығы тізімі жасалды (Ajia Rekishi Shiryō Sentā, Архив шифры A15113198900, Архив нөмірі Rui00811100, Жапония Ұлттық Архиві, 1898 ж. П.15).

Жоғарыдағы архивтік құжаттарды салыстырмалы талдайтын болсақ, Мэйджи дәуірінің соңына қарай Жапонияда халық санағының уақытша әкімшілік шарадан тұрақты мемлекеттік статистикалық жүйеге өткенін көруімізге болады. 1891 жылы тұңғыш рет 11 префектураға «округтік жүйе» 郡制, ал 10 префектураға «Префектуралық жүйе» 府県制 енгізілді. Соның нәтижесінде «Халықты зерттеу әдістері» 人口調査方法 бүкіл ел бойынша біріздендіріліп, өңіраралық статистикалық мәліметтердің салыстырмалылығы артқан. Ал 1898 жылғы халық санағына назар аударсақ, алғаш рет 5 жыл сайын тұрақты санақ жүргізу қағидасы бекітіліп, аралық жылдардағы санақ нәтижелері мен жыл сайынғы әкімшілік мәліметтерді біріктіру арқылы халық саны «статистикалық бағалау» 推算 әдісімен есептелетініне көз жеткіземіз. Бұл өзгеріс Жапонияда отбасы санын тіркеу 戸籍 деректерін жай тіркеу құралы ретінде емес, демографиялық өзгерістерді үздіксіз бақылауға мүмкіндік беретін ғылыми-статистикалық жүйеге айналдырғанын көрсетеді. Демек, Мэйджи үкіметі XIX ғ. соңына қарай халық санағын

әкімшілік есептен мемлекеттік демографиялық жоспарлау құралы деңгейіне көтерді.

1898 жылғы №II Императорлық жарлық әлеуметтік-денсаулық сақтау саясатын жүргізуде демографиялық индикаторларды ресми құрал ретінде пайдаланғандығын байқауға болады. Мысалы, жарлықтың I-ші бабында мемлекеттік мектептерге дәрігерлерді міндетті түрде тағайындау бекітілгенімен, жергілікті әкімдерге халқы 5 мыңнан аз елді-мекендегі 人口五千未満ノ町立学校 және ауылдық мектептерде белгілі бір уақытқа дәрігер тағайындамауға рұқсат берілген (Ajia Rekishi Shiryō Sentā Архив шифры A03020330100, Архив нөмірі O.03241100, 1898 ж. П.03). Яғни, мемлекеттің әкімшілік және қаржылай ресурстарды бөлуде елді мекендердің халық тығыздығы мен демографиялық салмағын тікелей басшылыққа алғанын көрсетеді. Демек, ауылдық және халқы аз елді мекендерге жеңілдіктер беру институционалдық тұрғыдан халықты есепке алу 戸口調査 нәтижесінде анықталған санға сүйенді. Сонымен қатар, бұл қаулы Мэйджи дәуіріндегі балалар өлімін азайту және өсіп келе жатқан ұрпақтың санитарлық-демографиялық сапасын арттыру саясатының құрамдас бөлігі болды. Архив мәтініндегі 人口五千未満 (халқы 5 мыңнан аз) деген нақты демографиялық шектеу Мэйджи үкіметінің халық статистикасын әкімшілік-аумақтық бөліністе денсаулық сақтау мен білім беру инфрақұрылымын нормалауда негізгі критерий ретінде қолданғанын айғақтайды (Ajia Rekishi Shiryō Sentā, Архив шифры A03020330100, Архив нөмірі O.03241100, 1898 ж. П.04).

Араға екі жыл салып № 27 жалпы құжат пен Әскер министрлігінің № 756 Күпия бөлім 機密課 құжатында әскери заңнама мен халықты есепке алу жүйесінің өзара байланысы тарихи құжаттарда айқын көрініс табады. Мысалы, Әскери министрлік 陸軍省 пен Бас штаб 參謀本部 арасындағы ресми хат-хабарларға сәйкес, «Реквизициялау істері туралы ережеге» өзгерістер енгізіліп, реквизицияланатын мүліктер мен ғимараттардың, кемелердің, сондай-ақ халықтың есептік кестелерінің 甲号表 форматы реформаланды. Аталған нормативтік түзетулерде нақты тұратын халық санының 現住人口 формуласы қайта айқындалды: жыл соңындағы ресми тіркелген халыққа 本籍人口 уақытша келгендерді 入寄留者 қосып, одан уақытша кеткендерді 出寄留者 қазармалар мен кемелердегі әскери қызметшілерді, сотталғандарды, Тайваньдағы азаматтар мен шетелдіктерді алып тастау бекітілді. Бұл реформа әскери мобилизациялық ресурстарды дәл есептеу мен бюрократиялық бақылауды жетілдіруге бағытталған (Ajia Rekishi Shiryō Sentā, Архив шифры C06083571800, Архив нөмірі M35-4-18, Соғыс министрлігі - Нидай күнделігі, 1902 ж. П.03-04).

Қазіргі таңдағы «отбасылық тіркеу» істері де Мейджи кезіндегі «1899 жыл 15 қарашадағы №1986 Азаматтық және қылмыстық істер бюросы директорының жауабы» 明治32年11月15日付け民刑第1986号民刑局長回答 мен «1952 жыл 14 қараша Азаматтық және қылмыстық істер бюросы директорының №629 жауабы» 昭和27年11月14日付け民事甲第629号民事局長回答 негізінде қабылданатынын аңғарамыз. Бұл жайлы Әділет министрлігінің «Азаматтық істер I-ші бөлім, № 1458 бір беттік жарлығында «Отбасы тізілімі туралы заңның» 25-бабы I-тармағы және 88-бабының I-тармағына сәйкес тіркелушінің тұрғылықты жері сол адамның тұрақты мекенжайы болуы міндетті емес, уақытша тұратын жерін көрсетсе де болатындығы жазылады (Hōmukuoku Minji Gyōsei, 2026: 1). Демек, аталмыш тарихи заңнамалық құжат Жапонияның демографиялық үрдісінің негізін қалаған Мейджи дәуірінің «отбасылық тіркеу істеріне» сүйеніп демографиялық үрдісті реттеуде әлі күнге дейін негізе алатын құнды заңнамалық база екенін атап өтуге болады.

Қорытынды. Жапония Ұлттық мұрағатынан XIX ғасырға тиесілі архивтік құжаттар Мэйджи үкіметінің «халық санын зерттеу» 戸口調査 мен «отбасы тіркеу» 戸籍 жүйесінің ұлттық деңгейде халық пен отбасы санын жүйелі түрде тіркеп бірізділікке көшуіне негізгі іргетас болды. Орталықтандырылған статистикалық бақылау механизмін қалыптастырған демографиялық жүйе санақ нәтижелерін жариялаудан гөрі, есепке алу жүйесінің әкімшілік сенімділігін қамтамасыз етуге басымдық бергенін аңғартады.

Мейджи дәуірінің 1875-1887 жылдары отбасы саны 7,6 % өсім көрсетіп, одан әрі орташа жылдық өсім 45,9 мың отбасын құрағаны зерттеу барысында анықталды. Демек, жылдық өсім қарқыны 0,6 % дегенді білдіреді. Зерттеу нәтижесіне орай бұл үрдіс халықтың көбеюі мен жаңа қоныстардың артып әкімшілік тіркеудің кеңеюін көрсетеді. Архив бойынша табиғи өсім 463 217 адам болуы керек еді, ал нақты өсім 562 514 адам болған. Арадағы айырмашылық 99 297 адамды құрайды. Сонда бұл табиғи өсімнен шамамен 21,4 % артық екенін білдіреді. Бұл артық өсім көші-қоннан гөрі отбасы тіркеу 戶籍 жүйесінің жетілдірілуі нәтижесінде бұрын тіркелмеген тұрғындардың жаңадан есепке алынғанын анықтайды. Жыныстық құрылым жағынан жүргізілген санақ жоғары дәлдікпен өткенін және халықтың жыныстық құрылымының салыстырмалы түрде тең болғанын көрсетеді. Зерттеу нәтижесі ұсынғандай туу саны өлімнен шамамен 40%-ға жоғары 1880 ж. соңында Жапонияда тұрақты табиғи өсім сақталғанын айғақтайды. Халық санағының сапалық тұрғыдан жаңа деңгейге көтерілгенін 1887 жылғы 31 желтоқсандағы «Отбасылық тіркеу істері» және «Халық санын зерттеу» 戶籍事務 戸口調査 құжатынан байқаймыз.

XIX ғасыр архивтік материалдары халықтың табиғи қозғалысын кешенді түрде бақылауға мүмкіндік береді. 1876 жылғы архивте негізгі мәселе «сәйкессіздік айырмашылығы, сауалнама, қайта ретке келтіру» болса, 1887 ж. архивте мұндай терминдердің орнына «туылу, өлім, тіркеу, тіркеуден шығару» сияқты демографиялық көрсеткіштер берілген. Яғни, статистиканың сапалық тұрғыдан жаңа кезеңге өткенін аңғарамыз. 1876 жылғы есепте санақтың сенімділігі дәлелденсе, 1887 ж. есепте мемлекет халықтың табиғи қозғалысын жіті қадағалауға алғаны білінеді. Тақырыптың зерттелу аясында «Тіркеу заңы» 戶籍法 (1871) мен кейінгі «Уақытша тұру ережелері» 寄留例式 азаматтардың мемлекеттегі ішкі қозғалысын, салық төлеуін және әскери міндеттілігін қатаң бақылауда ұстау үшін осылай жіктеп отырғандығын көреміз. Жапонияның XIX ғасырдағы тарихи құжаттарын демографиялық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан талдауда бұл екі көрсеткіш тұрақты миграция мен уақытша миграцияны ажыратуға мүмкіндік беретін басты статистикалық дереккөз деп айта аламыз. Сайлау округтерін халық тығыздығына қарай бөлу және демографиялық өзгерістер орын алған жағдайда квоталарды тек кезекті сайлау кезеңінде ғана қайта қарау ережелері Мэйджи үкіметінің халық статистикасын мемлекеттік-әкімшілік құрылымды реттеуде практикалық құрал ретінде тиімді пайдаланғанын дәлелдейді. Мэйджи үкіметінің халық статистикасын әкімшілік-аумақтық бөліністе, денсаулық сақтау мен білім беру инфрақұрылымын нормалауда негізгі критерий ретінде қолданғанын көреміз.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «Қазақстан Республикасының демографиялық дамуының қазіргі заманғы тенденциялары (1991–2021 жж.)» (ЖТН: АР22785742) бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасы аясына сәйкес келеді. Жапониядағы халық санағы мен демографиялық статистиканың тарихи қалыптасу тәжірибесін салыстырмалы тұрғыдан талдау ҚР-дағы тарихи демографиялық үдерістерді, халықты есепке алу жүйесінің эволюциясын және мемлекеттік саясатты зерттеудің тарихи әдіснамалық негізін кеңейтуге, әрі салыстырмалы демографиялық тарихи баламалы модель құрастыруға халықаралық зерттеулер тұрғысынан өлшеусіз үлес қосады.

Sources

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1876 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, アジア歴史資料センターRef.A07061672300、請求番号記00956100「戸籍」記録材料・内務省第二回年報三、国立公文書館、明治九年、1876年。

(In Japanese)

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1887 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, アジア歴史資料センター「戸籍事務 戸口調査」記録材料・功程報告・内務省Ref.A07061714800、請求番号記00976100、国立公文書館、明治二十年、1887年。(In Japanese)

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1888 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, アジア歴史資料センターRef.A07061722800、

請求番号記00977100「戸籍事務 戸口調査」記録材料・功程報告・内務省、国立公文書館、明治二十一年十二月三十一日、1888年12月31日。(In Japanese)

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1889 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, アジア歴史資料センター Ref.A07061731800、請求番号記00978100、「戸籍事務 戸口調査」記録材料・功程報告・内務省、国立公文書館、明治二十二年十二月三十一日、1889年12月31日。(In Japanese)

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1890 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, アジア歴史資料センターRef.A03020067200、請求番号御00653100、「御署名原本・明治二十三年・勅令第七十一号・行政又ハ司法区域ニ関スル市ノ所属」国立公文書館、明治23年04月30日。(In Japanese)

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1890 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, アジア歴史資料センターRef.A15112194300、請求番号類00534100、「内務省市町村人口調査方ヲ令ス」公文類聚・第十四編・明治二十三年・第八十八巻・民法八・戸籍・財産・契約、国立公文書館、明治23年7月14日～明治23年7月14日、1890年。(In Japanese)

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1891 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, アジア歴史資料センターRef.A07061737000、請求番号記00979100「県治事務 府県制郡制実施」記録材料・功程報告・内務省、国立公文書館、明治二十四年、1891年。(In Japanese)

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1891 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, アジア歴史資料センターRef.A03020099100、請求番号御00967100、「御署名原本・明治二十四年・勅令第五十九号・府県会議員定数規則」、国立公文書館、明治24年06月09日。(In Japanese)

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1898 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, アジア歴史資料センターRef.A15113199000、請求番号類00811100公文類聚・第二十二編・明治三十一年・第八巻・政綱七・地方自治七（市町村制七・間切島規程）・雑載、「万国統計協会ノ計画セル人口調査ニ関スル事項及該協会ニ加盟ノ手続并協会ノ性質等調査報告方外務大臣ヲシテ瑞西駐劄帝国公使ニ訓令セシム」国立公文書館。明治三十一年二月十八日。1898年12月31日。(In Japanese)

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1898 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, アジア歴史資料センターRef.A15113198900、請求番号類00811100、「人口統計ノ調査方法ヲ改メ統計表及統計小票等ヲ以テ材料ヲ徴収ス」公文類聚・第二十二編・明治三十一年・第八巻・政綱七・地方自治七（市町村制七・間切島規程）・雑載、国立公文書館。明治31年7月8日～明治31年11月1日。1898年7月8日～1898年11月1日(In Japanese)

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1898 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, アジア歴史資料センターRef.A03020330100、請求番号御03241100、「御署名原本・明治三十一年・勅令第二号・公立学校ニ学校医ヲ置ク」、国立公文書館、明治31年01月08日。(In Japanese)

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1902 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, アジア歴史資料センターRef.C06083571800、請求番号陸軍省-貳大日記-M35-4-18,「徴発物件表雛形中改正の件」明治35年乾「貳大日記4月」防衛省防衛研究所。(In Japanese)

Дереккөздер

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1876 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, Азия тарихи құжаттар орталығы, Архив шифры. A07061672300, Архив нөмірі. Ki00956100, «Отбасылық тізім» жазба материалдары, Ішкі істер министрлігі, ІІ-ші жылдық есеп, ІІІ-том, Жапония Ұлттық Архиві. (Мэйджи дәуірі ІХ-шы жыл) 1876 ж. П.1-2. (Жапон т.).

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1887 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, Азия тарихи жазбалар орталығы, «Отбасын тіркеу істері: үй шаруашылығын зерттеу», жазба материалдары, ілгерілеу жайлы есеп, Ішкі істер министрлігі, Архив шифры. A07061714800, Архив нөмірі. Ki00976100, Жапония Ұлттық Архиві. (Мэйджи дәуірі XX-шы жыл) 1887 ж. П.71. (Жапон т.).

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1888 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, Азия тарихи жазбалар орталығы, «Отбасылық тіркеу істері: Үй шаруашылығын зерттеу» жазба материалдары, жұмыс барысы туралы есеп» Ішкі істер министрлігі, Архив шифры. A07061722800, Архив нөмірі. Ki00977100, Жапония Ұлттық Архиві. (Мэйджи дәуірі XXI-ші жыл) 1888 ж. П.55. (Жапон т.).

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1889 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, Азия тарихи жазбалар орталығы, «Отбасылық тіркеу істері: Үй шаруашылығын зерттеу» жазба материалдары, жұмыс барысы туралы есеп» Ішкі істер министрлігі, Архив шифры. A07061731800, Архив нөмірі. Ki00978100, Жапония Ұлттық Архиві. (Мэйджи дәуірі XXII-ші жыл) 1889 ж. П.81. (Жапон т.).

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1890 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, Азия тарихи жазбалар орталығы, «Ішкі істер министрлігінің муниципалдық халықты зерттеу әдістері туралы қаулысы», Ресми құжаттар жинағы, XIV-том,

Мэйджи XXIII (1890), 88-том, Азаматтық кодекс VIII, Отбасылық тізілім, мүлік, келісімшарттар», 1890 ж. 14 шілде. Архив шифры A15112194300, Архив нөмірі. Rui00534100, Жапония Ұлттық Архиві, (Мэйджи дәуірі XXIII-ші жыл) 1890 ж. П.23. (Жапон т.).

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1890 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, Азия тарихи жазбалар орталығы, «Түпнұсқа қол қойылған құжат, Мэйджи XXIII жыл (1890 ж.) 30 сәуір, Императорлық жарлық № 71, Әкімшілік немесе сот аумақтарына қатысты қалалардың аффилиациясы», Архив шифры A03020067200, Архив нөмірі O.00653100, Жапония Ұлттық Архиві, (Мэйджи дәуірі XXIII-ші жыл) 1890 ж. П.03-04. (Жапон т.).

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1891 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, Азия тарихи жазбалар орталығы, «Префектуралық әкімшілік: Префектуралық және округтік жүйелерді енгізу», Жазба материалдары, Жұмыс барысы туралы есеп, Ішкі істер министрлігі, Архив шифры. A07061737000, Архив нөмірі. Ki00979100, Жапония Ұлттық Архиві. (Мэйджи дәуірі XXIV-ші жыл) 1891 ж. П.21. (Жапон т.).

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1891 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, Азия тарихи жазбалар орталығы, Мэйджи 24 (1891) жылы 9 маусымда жарияланған №59 Императорлық жарлық: «Префектуралық жиналыс депутаттарының саны туралы ереже», Архив шифры. A03020099100, Архив нөмірі O.00967100, Жапония Ұлттық Архиві. (Мэйджи дәуірі XXIV-ші жыл) 1891 ж. П.04-05. (Жапон т.).

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1898 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, Азия тарихи жазбалар орталығы, «Халықаралық статистикалық қауымдастық жоспарлаған халық санағына, оған қосылу рәсімдеріне және қауымдастықтың сипатына қатысты мәселелерге қатысты Сыртқы істер министрі Швейцариядағы Жапония Императорлық министріне осы мәселелерді тергеп, есеп беруді тапсырады», Ресми құжаттар жинағы XXII-том, Саяси жоспар VII-том, Жергілікті басқару VII-том, Муниципалдық жүйе VII-том, Магири аралының ережелері» Архив шифры. A15113199000, Архив нөмірі. Rui 00811100, Жапония Ұлттық Архиві. (Мэйджи дәуірі XXXI-ші жыл VIII -том) 1898 ж. П.13-13 қ. б. (Жапон т.).

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1898 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, Азия тарихи жазбалар орталығы, «Халық статистикасы бойынша сауалнама әдісін қайта қарау және статистикалық кестелер мен статистикалық парақтарды пайдаланып материалдар жинау», Ресми құжаттар жинағы, XXII-том, Мэйджи XXXI (1898), VIII -том, Саяси жоспар VII-том, Жергілікті басқару VII-том, Муниципалдық жүйе VII-том, Магири аралының ережелері» Әртүрлі мәселелер, 1898 ж. 8 шілде - 1898 ж.1 қараша. Архив шифры. A15113198900, Архив нөмірі. Rui00811100, Жапония Ұлттық Архиві, (Мэйджи дәуірі XXXI-ші жыл) 1898 ж. П.14-15. (Жапон т.).

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1898 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, Азия тарихи жазбалар орталығы, «Түпнұсқа қол қойылған құжат, Мэйджи XXXI ж. 8 қаңтар, Императорлық жарлық № 2, Мемлекеттік мектептерде мектеп дәрігерлері құрылады», Архив шифры. A03020330100, Архив нөмірі. O.03241100, Жапония Ұлттық Архиві, (Мэйджи дәуірі XXXI-ші жыл) 1898 ж. П.1-6. (Жапон т.).

Ajia Rekishi Shiryō Sentā, 1902 — *Ajia Rekishi Shiryō Sentā*, Азия тарихи жазбалар орталығы, «Талап етілген заттар тізімінің үлгісін қайта қарау туралы», Мэйджи XXXV ж., «Нидай күнделігі» Архив шифры. C06083571800, Архив нөмірі. Соғыс министрлігі - Нидай күнделігі M35-4-18, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қорғаныс зерттеулері институты архиві, (Мэйджи дәуірі XXXV-ші жыл) 1902 ж. П.03-04. (Жапон т.).

References

Maki, 1985 — *Maki, H.* “Jinshinkoseki Shimatsu” Dōwamondai Kenkyū: Ōsaka shiritsu Daigaku Dōwamondai Kenkyushitsu Kiyō, 8-Kan. P. 1-34. (In Japan.).

Hōmushō, 2015 — *Hōmushō* “Koseki Jōhōeno Mainanbā Tekiyōno HaniKoseki Todokedeni Kansuru Ronten tō Ni Tsuite” Koseki Seido Ni Kansuru Kenkyūkai Shiryō, Heisei 27-Nen 12 Tsuki 24-Nichi. P. 1–5. (In Japan.).

Hōmukyoku Minji Gyōsei 2020 — *Hōmukyoku Minji Gyōsei*, “Hōmukyoku Minji Gyōsei Buchō-Dono Tsuchihōhōmukyoku-Chōdono Hōmushō Minjikyoku Minji Dai Ichi Kachō “Koseki Todokedeno Todokede-Chini tsuite” Hōmushō Tamikazu Dai. 1458-Gō, July 30 2020. P. 1. (In Japan.).

Torizawa, 2011 — *Torizawa*, “Torizawa Takayuki, fūfu oyobi ko no uji to koseki seido gyōsei hōmu-ka “kokuritsu Kokkaitoshokan chōsa oyobi rippō kōsa-kyoku” Tōkyō. 2011, P. 53-77. (In Japan.).

Ishikawa, 1986 — *Ishikawa* “Mibun Tōroku Seido toshitenō Koseki Koseki Seidono Hikaku Hōseiteki Kōsatsu (Jiyū to Seigi). 1986. Vol. 37. No. 5 P. 134-148. (In Japan.).

Sakurai, 2016 — *Sakurai* “Mu koseki mondai o meguru genjō to ronten rippō to chōsa” 2016.10. No. 381. P. 98-112. (In Japan.).

Әдебиеттер

Maki, 1985 — *Maki, H.* 牧英正, 「壬申戸籍始末」同和問題研究: 大阪市立大学同和問題研究室紀要、1985年、38巻、1-34頁. (Жапон т.).

Hōmushō, 2015 — *Hōmushō* 法務省「戸籍情報へのマイナンバー適用の範囲・戸籍届出に関する論点等について」『戸籍制度に関する研究会資料』平成二七年一二月二四日、1–5頁. (Жапон т.).

Hōmukyoku Minji Gyōsei, 2020 — *Hōmukyoku Minji Gyōsei* 法務局民事行政部長 殿 地方法務局長 殿 法務省民事局民事第一課長 「戸籍届出の届出地について」 法務省民一第 1 4 5 8 号、令和 8 年 6 月 3 0 日、1 頁. (Жапон т.).

Torizawa, 2011—Torizawa, 鳥澤孝之、夫婦及び子の氏と戸籍制度行政法務課 『国立国会図書館調査及び立法考査局』東京、2 0 1 1 年、5 3 - 7 7 頁. (Жапон т.).

Ishikawa, 1986 — Ishikawa, 石川利夫「身分登録制度としての戸籍 戸籍制度の比較法制的考察」自由と正義三七巻五号一九八六年 (Жапон т.).

Sakurai, 2016 — Sakurai 桜井梓紗「無戸籍問題」をめぐる現状と論点」『立法と調査』2016.10、No.381、98-112頁. (Жапон т.).

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Karimov M., Nasyrov M., Rakhmetullin E. THE LIFE OF SHAKARIM HAJI DURING THE SOVIET PERIOD: IN MEMORIES AND SOURCES	950
Sabitov Zh., Karatayev A. A. ABU SAID JANIBEK KHAN IN THE 1430S–1450S: NEW EVIDENCE FROM CHINESE SOURCES	966
Tylakhmetova A. S., Beisembayeva A. R., Tepkeev V. T. THE SOURCE BASE FOR THE STUDY OF THE LIFE AND STATE ACTIVITIES OF ABILMAMBET KHAN.....	980
Shabambayeva A. G., Abdrakhmanov B. N., Sadykova A. M. HISTORICAL DISCOURSE IN THE WORKS OF A. ZH. MASHANOV	995

HISTORY

Akhmetova G. M. THE MERCHANT CLASS AND TRADE RELATIONS OF NORTHEASTERN KAZAKHSTAN	1009
Dyusenova N. K. KAZAKH SOVIET MANAGERIAL ELITE DURING COLLECTIVIZATION IN KAZAKHSTAN	1027
Kuanbay O. B., Apendiyev T. A. JAPAN'S XIX CENTURY FAMILY REGISTRATION AND POPULATION CENSUS SYSTEM FEATURES (BASED ON ARCHIVE DOCUMENTS FROM THE MEIJI PERIOD)	1042
Mussagaliyeva A. S., Kozybayeva M. M. DISCUSSIONS ON THE ANCIENT AND MEDIEVAL HISTORY OF KAZAKHSTAN DURING THE DISCUSSION OF THE ACADEMIC PUBLICATION "HISTORY OF THE KAZAKH SSR" IN THE 1950S	1060
Nurtazina N. D. THE REVIVAL OF SUFISM IN KAZAKHSTAN: SAID KURBANALI HAZRAT ISHAN (AKHMEDOV) AND HIS LEGACY	1078
Primkulova G., Sandybaeva A., Tastanbekov M. CULT AND RITUAL STRUCTURES OF TURKESTAN: HISTORICAL AND ARCHITECTURAL ANALYSIS OF UNDERGROUND COMPLEXES (12th–19th CENTURIES).....	1100
Suleimenova D. K., Zhumabayeva A. A. THE ULUS OF JOCHI IN THE ERA OF THE BLACK DEATH.....	1117
Teleuova E. T., Sabol S. "BEYOND TERMS AND BEYOND RULES": IMPERIAL AUTHORITIES AND THE MUSLIM CLERGY OF THE STEPPE KRAI DURING THE 1910 CHOLERA EPIDEMIC.....	1128
Tretyakova M. S. THE ECONOMIC ACTIVITY OF ASHKENAZI JEWISH WOMEN IN THE STEPPE REGION AT THE TURN OF THE TWENTIETH CENTURY	1143
Wang Y., Tuleshova U. Zh. RUSSIAN COLONIZATION OF THE KAZAKH STEPPE: RUSSIAN, KAZAKH, WESTERN, AND CHINESE HISTORIOGRAPHICAL PERSPECTIVES ON IMPERIAL EXPANSION AND COLONIAL TRANSFORMATION	1155

ANTHROPOLOGY

Ganiyeva A. S., Shulga V. A., Sakenov S. K. ARCHAEOLOGY OF TRADITIONAL KAZAKH WINTER SETTLEMENTS IN NORTHERN SARYARKA: EVIDENCE FROM THE ZHABAY WINTERING SITE.....	1175
Yergali G., Kalysh A. B. WEDDING RITUALS OF THE KAZAKHS OF CENTRAL KAZAKHSTAN: PRESERVATION OF TRADITIONS AND REGIONAL FEATURES.....	1193
Krasnobayeva N. L., Sarsembayeva G. A., Kassenova A. Zh. FEATURES OF THE POPULATION SETTLEMENT SYSTEM IN EAST KAZAKHSTAN REGION IN THE LATE XIX–XX CENTURIES: AN ETHNODEMOGRAPHIC PERSPECTIVE	1205
Khabibullin E. I., Asylguzhin R. R. ETHNOGENESIS OF THE BASHKIRS OF THE AY-YURYUZAN INTERFLUVE IN THE CONTEXT OF THE GOLDEN HORDE HERITAGE: AN INTERDISCIPLINARY ANALYSIS.....	1227

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Каримов М., Насыров М., Рахметуллин Е. КЕҢЕСТІК ҚУДАЛАУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ШӘКӘРІМ ҚАЖЫ ӨМІРІ: ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕРДЕ	950
Сабитов Ж., Қаратаев Ә. ӘБУСАИД ЖӘНІБЕК ХАН 1430–1450 ЖЫЛДАРЫ: ҚЫТАЙ ДЕРЕК КӨЗДЕРІНДЕГІ ЖАҢА МӘЛІМЕТТЕР	966
Тылахметова А. С., Бейсембаева А. Р., Тепкеев В. Т. ӨБІЛМӘМБЕТ ХАННЫҢ ӨМІРІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН ЗЕРТТЕУ ДІН ДЕРЕКТІК НЕГІЗІ	980
Шабамбаева А. Г., Абдрахманов Б. Н., Садыкова А. М. А. Ж. МАШАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДИСКУРС	995

ТАРИХ

Ахметова Г. М. СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨПЕСТЕР МЕН САУДА БАЙЛАНЫСТАРЫ	1009
Дюсенова Н. К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ КЕҢЕСТІК БАСҚАРУШЫ ЭЛИТАСЫ	1027
Қуанбай О. Б., Әпендиев Т. Ә. ЖАПОНИЯНЫҢ XIX ҒАСЫРДАҒЫ ОТБАСЫН ТІРКЕУ МЕН ХАЛЫҚТЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖҮЙЕСІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (МЭЙДЖИ ДӘУІРІ АРХИВТІК ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ)	1042
Мұсағалиева А. С., Қозыбаева М. М. 1950-ЖЫЛДАРЫ «ҚАЗАҚ КСР ТАРИХЫ» АКАДЕМИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ ПІКІРТАЛАСТАР	1060
Нұртазина Н. Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОПЫЛЫҚТЫҢ ҚАЙТА ӨРЛЕУІ: САИД ҚҰРБАНӘЛІ ХАЗІРЕТ ИШАН (АХМЕДОВ) ЖӘНЕ ОНЫҢ МҰРАСЫ	1078
Примкулова Г., Сандыбаева А., Тастанбеков М. ТҮРКІСТАННЫҢ ДІНИ-ҒҰРЫПТЫҚ СӘУЛЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ: XII–XIX ҒҒ. ЖЕРАСТЫ КЕШЕНДЕРІНІҢ ТАРИХИ-СӘУЛЕТТІК ТАЛДАУ	1100
Сүлейменова Д. Қ., Жумабаева Ә. Ә.	1117
Телеуова Э. Т., Сабоп С. «МЕРЗІМНЕН БҰРЫН ЖӘНЕ ЕРЕЖЕДЕН ТЫС»: 1910 ЖЫЛҒЫ ТЫРЫСҚАҚ ІНДЕТІ КЕЗІНДЕГІ ДАЛА ӨЛКЕСІНІҢ ИМПЕРИЯ БИЛГІ МЕН МҰСЫЛМАН ДІНБАСЫЛАРЫ	1128
Третьякова М. С. XIX–XX ҒАСЫРЛАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ДАЛАЛЫҚ АЙМАҚТАҒЫ АШКЕНАЗИ ЕВРЕЙ ӨЙЕЛДЕРІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІ	1143
Ятин Ван, Тулешова Ұ. Ж. РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУЫ: ИМПЕРИЯЛЫҚ ЭКСПАНСИЯ МЕН ОТАРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ	1155

АНТРОПОЛОГИЯ

Ганиева А. С., Шульга В. А., Сакенов С. Қ. СОЛТҮСТІК САРЫАРҚАДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚЫСТАУЛАРЫНЫҢ АРХЕОЛОГИЯСЫ: ЖАБАЙ ҚЫСТАУЫ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕГІ ЗЕРТТЕУ	1175
Ерғали Г., Қалыш А. Б. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҮЙЛЕНУ ҒҰРЫПТАРЫ: ДӘСТҮРДІҢ САҚТАЛУЫ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	1193
Краснобаева Н. Л., Сарсембаева Г. А., Касенова А. Ж. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX Ғ. ҚОНЫСТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АСПЕКТІ	1205
Хабибуллин Э. И., Асылгузин Р. Р. АЛТЫН ОРДА МҰРАСЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ АЙ-ЮРЮЗАН ӨЗЕНАРАЛЫҚ БАШҚҰРТТАРЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕЗІ: ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ	1227

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Каримов М., Насыров М., Рахметуллин Е. ЖИЗНЬ ШАКАРИМА КАЖЫ В ПЕРИОД СОВЕТСКИХ РЕПРЕССИЙ: В ВОСПОМИНАНИЯХ И ИСТОЧНИКАХ	950
Сабитов Ж., Каратаев А. А. АБУ САИД ЖАНИБЕК-ХАН В 1430–1450-Х ГГ.: НОВЫЕ ДАННЫЕ КИТАЙСКИХ ИСТОЧНИКОВ	966
Тылахметова А. С., Бейсембаева А. Р., Тепкеев В. Т. ИСТОЧНИКОВАЯ БАЗА ИССЛЕДОВАНИЯ ЖИЗНИ И ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АБИЛМАМБЕТ-ХАНА	980
Шабамбаева А. Г., Абдрахманов Б. Н., Садыкова А. М. ИСТОРИЧЕСКИЙ ДИСКУРС В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ А.Ж. МАШАНОВА	995

ИСТОРИЯ

Ахметова Г. М. КУПЕЧЕСТВО И ТОРГОВЫЕ СВЯЗИ СЕВЕРО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА	1009
Дюсенова Н. К. КАЗАХСКАЯ СОВЕТСКАЯ УПРАВЛЕНЧЕСКАЯ ЭЛИТА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В КАЗАХСТАНЕ	1027
Куанбай О. Б., Апендиев Т. А. ОСОБЕННОСТИ СИСТЕМЫ СЕМЕЙНОГО УЧЕТА И ПЕРЕПИСИ НАСЕЛЕНИЯ В ЯПОНИИ XIX ВЕКА (НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТОВ ЭПОХИ МЭЙДЗИ)....	1042
Мусагалиева А. С., Козыбаева М. М. ДИСКУССИИ ПО ДРЕВНЕЙ И СРЕДНЕВЕКОВОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В ХОДЕ ОБСУЖДЕНИЯ АКАДЕМИЧЕСКОГО ИЗДАНИЯ «ИСТОРИЯ КАЗАХСКОЙ ССР» В 1950-Х ГГ.	1060
Нургазина Н. Д. ВОЗРОЖДЕНИЕ СУФИЗМА В КАЗАХСТАНЕ: САИД КУРБАНАЛИ ХАЗРАТ ИШАН (АХМЕДОВ) И ЕГО НАСЛЕДИЕ.....	1078
Примкулова Г., Сандыбаева А., Тастанбеков М. КУЛЬТОВО-РИТУАЛЬНЫЕ СООРУЖЕНИЯ ТУРКЕСТАНА: ИСТОРИКО-АРХИТЕКТУРНЫЙ АНАЛИЗ ПОДЗЕМНЫХ КОМПЛЕКСОВ XII–XIX ВВ. .	1100
Сулейменова Д. К., Жумабаева А. А. УЛУС ДЖУЧИ В ЭПОХУ «ЧЁРНОЙ СМЕРТИ».....	1117
Телеуова Э. Т., Сабоп С. ««ВНЕ СРОКА И ВНЕ НОРМЫ»: ИМПЕРСКАЯ ВЛАСТЬ И МУСУЛЬМАНСКОЕ ДУХОВЕНСТВО СТЕПНОГО КРАЯ В ПЕРИОД ЭПИДЕМИИ ХОЛЕРЫ 1910 ГОДА	1128
Третьякова М. С. ЭКОНОМИЧЕСКАЯ АКТИВНОСТЬ АШКЕНАЗСКИХ ЕВРЕЕК В СТЕПНОМ КРАЕ НА РУБЕЖЕ XIX–XX ВВ.	1143
Ван Я., Тулешова У. Ж. РОССИЙСКАЯ КОЛОНИЗАЦИЯ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: РОССИЙСКИЕ, КАЗАХСКИЕ, ЗАПАДНЫЕ И КИТАЙСКИЕ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ПЕРСПЕКТИВЫ ИЗУЧЕНИЯ ИМПЕРСКОЙ ЭКСПАНСИИ И КОЛОНИАЛЬНОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ.....	1155

АНТРОПОЛОГИЯ

Ганиева А. С., Шульга В. А., Сакенов С. К. АРХЕОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ КАЗАХСКИХ ЗИМОВОК СЕВЕРНОЙ САРЫАРКИ: МАТЕРИАЛЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КЫСТАУ ЖАБАЙ.....	1175
Ергали Г., Калыш А. Б. СВАДЕБНОЙ ОБРЯДЫ КАЗАХОВ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА: СОХРАНЕНИЕ ТРАДИЦИЙ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ	1193
Краснобаева Н. Л., Сарсембаева Г. А., Касенова А. Ж. ОСОБЕННОСТИ СИСТЕМЫ РАССЕЛЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В КОНЦЕ XIX–XX ВВ.: ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	1205
Хабибуллин Э. И., Асылгузин Р. Р. ЭТНОГЕНЕЗ БАШКИР АЙСКО-ЮРЮЗАНСКОГО МЕЖДУРЕЧЬЯ В КОНТЕКСТЕ ЗОЛОТООРДЫНСКОГО НАСЛЕДИЯ: МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЙ АНАЛИЗ	1227

ASIAN JOURNAL "STEPPE PANORAMA"

2026. 13(4)

Бас редактор:

Қабылдинов З. Е.

Компьютерде беттеген:

Ағзам Р. Р.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті

Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш. Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй